

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ ЖАЛҒАСЫЕ

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет Қоғамның Директорлар кеңесі функцияларының тиімді орындалуына және ұсынымдардың әзірленіп, Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынылуына ықпалдасады.

Құрамы:

Лорд Томас Александр Хескет
Комитет Төрағасы

Дмитрий Ларионов
Комитет мүшесі

Ғани Битенов
Комитет мүшесі

Алан Фрейзер
Комитет мүшесі

2018 жылы Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет көзбе-көз нысанда үш отырыс өткізді. Комитет мүшелерінің 2018 жылғы отырыстарға қатысуы туралы ақпаратты 51-беттен қараңыздар.

Ролі және міндеттері

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет Директорлар кеңесіне еңбек қауіпсіздігін, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етумен байланысты әлеуметтік жауапкершілік мәселелері бойынша ұсынымдарды әзірлейді:

- Қоғамның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясы және оның іске асырылуын бағалау;
- Қоғамның еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік, денсаулықты қорғау, әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты мен қызметі, сондай-ақ Қоғамның әлеуметтік және қайырымдылық қызметі;
- корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы маңызды тәуекелдерді қарастыру және аталмыш тәуекелдердің теріс салдарын барынша азайту жоспарлары;
- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның әлеуметтік есебін мақұлдауға қатысты ұсынымдар беру.

Комитет сондай-ақ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы негізгі тәуекелдерді қарастырады және жағымсыз әсерді азайту жоспарларын әзірлейді, Қоғам қызметінің заңнама талаптарына және Қоғамда қабылданған еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік, денсаулықты қорғау, әлеуметтік жауапкершілік салаларындағы ережелерге сәйкестігін қадағалайды.

2018 жылғы қызмет

Комитет мынадай негізгі мәселелерді қарастырды:

- корпоративтік әлеуметтік есептілік саласындағы 2017 жылғы қызмет туралы жыл сайынғы есеп;
- жарналары белгіленген корпоративтік зейнетақы схемасының іске асырылуын бағалау;
- қызметкерлердің белсенділік сауалнамасына шолу жасау;
- өндірістік, еңбек қауіпсіздігі, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметке шолу жасау.

2019 жылға арналған басымдықтар

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі реттеуші қызметке қосымша, комитет төмендегілерді қамтамасыз етуге ниетті:

- корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікпен және орнықты дамумен байланысты стратегия, саясаттар және есептілік құрылымдары бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- Комитет құзыретіне енетін басқа да мәселелер бойынша ұсынымдар беру;
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі комитет туралы ережені қайта қарау.